Заңды тұлғалар қауымдастығы «Құқықтық реформаларына жәрдемдесу халықаралық алқалы жиыны» шешімімен Бекітілді 20.06.2015ж.

Төрешілердің тәуелсіздігі мен әділдік қағидасы Кіріспе

«Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» тұрақты жұмыс істейтін Халықаралық төрелік сотының Регламенті мен Қазақстан Республикасының «Төрелік туралы» Заңының 4 бабына сәйкес, төрелік талқылаулар барысында, төрелік дербес, дауларды шешу барысында тәуелсіз және әділ болуы тиіс. Дауларды шешу барысында жарысушылық пен тараптардың тең құқығы, сонымен қатар, туындаған дауларды шешу құпиялығы, әділдігі мен тәуелсіздігін сақтауы тиіс. Төрешімен тағайындалған тұлға төрешіге қатысты тәуелсіздігі немесе әділдігіне күмән келтірілген жағдайда, міндетті түрде хабарлауы тиіс. Төреліктің міндеті, дау қарастырылу барысында айтылған жағдайларды дер кезінде хабарлап отыру.

Төрелік өкілеттігінен бас тарту, тиісті мәліметті хабарландыру, сонымен қатар, төреліктен бас тарту себептерінің қажеттілігінен туындаған жағдайлар заңды түрде қиындық туғызады.

Төреліктердің әділдік пен тәуелсіздік саясаты (бұдан әрі мәтін бойынша - Саясат) айтылған мәселелерді шешуге жәрдемдесуге, сонымен қатар, алдын алу міндетін орындайды.

Саясат төрешілерге наразылық білдіру мен өкілеттігін тоқтатуға бағытталған. Құзыретті соттар саясатты төрешілердің шешімдеріне шағым беру ісін қарастыруға, сонымен қатар, төреліктерді шешім шығаруға мәжбүрлейтін атқару қағазының берілуі үшін қолдануы мүмкін.

Саясат кепілдемелі сипатқа ие. Тараптардың келісімі, төрелік дауларды шешу ережелері мен құқық нормалары бойынша қолданылады.

I тарау. Жалпы ережелер

1 бап. Реттеу пәні

1. Бұл саясат, төреліктердің төреш қызметін атқаруға өкілетті тұлғалардың этикалық мінезқұлығын, әділдік пен тәуелсіздікті, белгілі мән-жайларды ашу тәртібін, қарсылық білдіру мен соған қатысты арыз беру тәртібін қарастыруды, сонымен қатар, төрелік дау шешу тараптары мен олардың өкілдерінің арасындағы қарым-қатынасты реттеу тәртібін қарастырады.

2. Саясат, тараптардың келісімі бойынша, регламент немесе қолданылатын құқықпен қойылатын төреліктеге қатысты талаптарды қамтымайды.

Саясат ережелері, төрелікке наразылық білдіру арыз беру мен қарастыру мәселесін, төрешілердің әділдігі мен тәуелсіздігіне қатысы жоқ негіздер бойынша наразылық білдіру мәселелерін де реттейді.

3. Бұл саясат ережелері тараптар келісімі, төрелік істі қарау және қолданбалы құқық нормаларына сәйкес қолданылады.

2 бап. Қолдану аясы

1. Саясат «Құқықтық реформаларына жәрдемдесу халықаралық алқалы жиыны» Заңды тұлғалар қауымдастығы негізінде құрылған «Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» тұрақты жұмыс істейтін Халықаралық төрелік сотына қолдануға ұсынылады.

3 бап. Қолданылатын терминдер

Ұсынылған Саясатта келесі терминдер қолданылады:

- төрелік - ҚР «Төрелік туралы» Заңына сәйкес жүргізілетін, төрелік дауларды қарастыру үшін құрылған тұрақты әрекет ететін төрелік;
- төреші - тараптармен келісілген немесе белгіленген тәртіп бойынша тағайындалған, төрелік қызметін атқаруға өз келісімн берген жеке тұлға, сонымен қатар, төрағалық ететін төрешң, жеке-дара төреші;
- төрелік құрамы - төрелік іс қарастыру тараптарының арасында туындаған дауларды шешу үшін сайланған жеке-дара төреші немесе құрылған төреліктер алқасы;
- төреші өкілдігін жүргізуге ұсынылған тұлға;
- төрелік ісін жүргізуге өз келісімін әлі бермеген, немесе әлі бас тартпаған, тараптармен сайланған, немесе төрелік ісін жүргізуге тағайындалған тұлға;
- төрелік іс қарау - төрелікке дауды қарастыру процесі және төрелік құрамының шешім шығаруы;
- уәкілетті орган - тараптар келісімімен, регламент немесе қолданбалы құқықпен төрешіге наразылық білдіру мен төреші уәкілеттігін басқа да жағдайлармен тоқтату үшін өкілетті төрелік құрамы, орган немесе тұлға.

II тарау. Төрелітің әділдігі мен тәуелсіздігі

4 бап. Төрешінін әділдігі мен тәуелсіздігіне қатысты жалпы талаптар

1. Төрелік өкілдігін қабылдаған сәттен бастап, және төрелік іс қарау барысында, төреші әділ және тәуелсіз болуы тиіс.
2. Төрешінін әділдігі төрелік даудың шешілуіне қандай да қызығушылық пен төрелік іс тараптарының біреуіне (оның өкілдеріне, экспертке, кеңесші немесе куәгеріне) алдын-ала ерекше ықылас танытпауымен айқындалады.
3. Төрешінін тәуелсіздігі төреші мен тараптардың біреуімен (оның өкілдері, эксперт, кеңесші немесе куәгерімен) төрешінін ұстанымына әсерін тигізетін қандай да қарым-қатынаста болмауымен айқындалады.
4. Төреші даудың бір тарабымен (оның өкілдері, эксперт, кеңесші немесе куәгері) қандай да мүліктік, іскерлік, кәсіпқой немесе жеке қарым-қатынаста болуы, әділдігі мен тәуелсіздігіне күмән келтіреді. Сонымен қатар, төреші төрелік құрамындағы басқа төрешілермен ерлі-зайыпты, туысқандық және лауазымдық тәуелділік қатынастарда болса, әділдік пен тәуелсіздік қағидасына қарсы болып табылады.
5. Егер төреші өзін әділ немесе тәуелсіз деп санамаса, төрелік өкілдігін жүргізуден, ал егер төрелік өкілдігі тағайындалса, істі ары қарай жүргізуден бас тарта алады.
6. Бұл тармақтың ережелері төреші өкілеттігін жүргізуге ұсынылған тұлғаларға да қатысты.

5 бап. Төрешінің өкілеттігін жүргізуге бөгет болатын жағдайлар

Төрешінің әділдігі мен тәуелсіздігінің жоқтығын куәландырып, өкілеттігінің жүзеге асуына кедергі болатын жағдайлар:

1) Төреші, оның жұбайы немесе жақын туысы, қарастырылып жатқан істе дау тараптырының бірі (оның өкілі, эксперті, кеңесші немесе куәгері) болса немесе жақында болып кетсе;

2) Төреші, оның жұбайы немесе жақын туысы, төрелік істің тарабы болатын жарғылық (үлестер жиынтық) капиталда үлесі болса, немесе атқарушы органның, директорлар (қадағалау кеңесі) кеңесі мүшесі, басқа да заңды тұлғаның мүшесі болса, немесе төрелік іс тарабына не оның

өкіліне қатысты негізгі немесе еншілес қоғам болатын болса Егер төреші, оның жұбайы немесе жақын туысының жарғылық (үлестік жиынтық) капиталындағы үлесі 5 пайыздан жоғары болса, онда ол тұлғаның қатысу үлесі мәнді болып танылады.

3) Төреші сол төрелік құрамының мүшесі болып табылатын төрешінің жұбайы немесе жақын туысы болса;

4) Төреші төрелік істің бір тарабымен не оның өкілімен еңбектік қарым- қатынаста болса, немесе сол тараптың басқа соттық істер бойынша өкілеті болса, немесе маман, кеңесші болса;

5) Төрелік қарастырылып жатқан іс бойынша жария мәлімдеме жасап, жария түрде құқықтық баға берсе.

6 бап. Мән-жайларды ашуды талап ететін жағдайлар

1. Төреші озін әділ және тәуелсіз деп санағанымен, осы бапта бекітілген жағдайлардың мән-жайларын ашуы тиіс.

2. Саналы және хабардар тұлғаның ойынша төрешінің әділдігі мен тәуелсіздігіне күмән келтірсе, кез келген мән-жайларды ашуы тиіс.

Кез келген күмән мән-жайларды ашу үшін талқылануы тиіс.

3. Мән-жайларды ашу үшін келесі жағдайлар қарастырылады:

1) төреші, аралық іс басталғанға дейін, үш жыл көлемінде төрелік іс тарабымен еңбектік қатынаста болып, оның өкілі ретінде қызмет атқарса, немесе қандай да бір азаматтық-құқықтық келісім-шарт бойынша сыйақы алса;

2) төреші, қазір немесе аралық іс басталғанға дейін, үш жыл көлемінде, қарастырылып жатқан іске қатысы жоқ соттық істерде бір тараптың өкілі болса, немесе тараптардың біреуінің қатысуымен қарастырылған төрелік ісінде өкіл, маман немесе кеңесші ретінде қатысса;

3) төреші төрелік ісін жүргізу кезінде (немесе төрелік ісі басталғанға дейін үш жыл мерзімінде) ұйыммен еңбектік қарам-қатынаста болса, немесе азаматтық- құқықтық келісімшарттар бойынша сыйақылар алса, немесе төрелік ісіне қатысатын тараптардың біріне осы күнге дейін үш жыл мерзімінде қызмет көрсеткен адвокаттар құрылымының мүшесі болса (немесе осы құрылымның басқа қорғаушылары қызмет көрсетсе);

4) төрелік және өкілі, маман, немесе кеңесші, төрелік іс басталғанға дейін, үш жыл көлемінде немесе қазір бір ұйымның мүшелері болса;

5) төреші, төрелік іс басталғанға дейін, үш жыл көлемінде сол төрелік құрамындағы басқа төрешімен лауазымдық тәуелділікте болса;

6) төрелік, оның жұбайы немесе жақын туысқанында төрелік іс тарабының жарғылық (үлестер жиынтық) капиталында, немесе оның негізгі не еншілес қоғамында үлесі болса, және де бұндай қатысу үлесінің көлемі (мөлшері) маңызды емес.

7) төреші бұған дейін басқа төрелік іс қарастыруға осы төрелік іске қатысатын тараптың бірімен (оның негізгі немесе еншілес қоғамымен) төреші болып сайланып, ол іс қазір қарастырылып жатқан төрелік іспен бір уақытқа түсіп қалмаса;

8) Осы Саясаттың 9 немесе 11 бабтарының ережелеріне қайшы келетін, осы қарастырылып жатқан төрелік ісін бір тарабы мен оның өкілімен төрешінін талқылау кезі орын алды;

9) Төреші төрелік ісі басталғанға дейін үш жыл көлемінде немесе қазір бір тараптың жетекшісі немесе өкілі болса;

10) Төрелік пен тарап өкілінің арасында достық қатынастардың болуы, сонымен қатар, кәсіби қызмет, кәсіби қауымдастықтардағы және қоғамдық бірлестіктердегі қызметтен тыс жағдайларда жақын және жеке араласса;

4. Төрешінің өз әділдігі мен тәуелсіздігіне күмән келтіретін жағдайлардың мән- жайларын анықтау, төрешінің өкілдігін қабылдап, атқаруға, соған орай уәкілетті органды тараптардың төрешіге наразылық білдіру арызын қанағаттандыруға міндеттемейді.

7 бап. Мән-жайларды ашу тәртібі

1. Осы Саясаттың 6 бабында айқындалған жағдайлар тұлғаның төреші өкілдігін қабылдау (сайлау) уақытынан кешіктірмей мән - жайын ашуға, ал егер бұндай жағдайлар төрешіге аралық істі қараудың кейінгі сатыларында белгілі болса, сол белгілі болған сәттен бастап істің мәнжайларын ашуға тиісті.

2. Мән-жайларды ашу үшін төреші бар мәліметті ескеріп, қолжетімді мәліметті тексеруі тиіс.

3. Төреші осы Саясаттың 6 бабындғы анықталған жағдайларды Регламент ережелері тәртібімен айқындайды, ондай тәртіп орнатылмаған жағдайда, тұрақты әрекет ететін сотқа жазбалы түрде хабарлайды. Тұрақты әрекет ететін аралық сот кешіктірмей төреші хабарлаған жағдайларды төрелік іс тараптарына, және төрелік құрамы мүшелеріне хабарлауы тиіс.

Егер төрелік нақты дауды шешу үшін құрылып, мән-жайларды анықтау тәртібі белгілі болмаса, жағдайлар кешіктірмей төрелік іс қарау тараптарына, және төрелік құрамы мүшелеріне хабарлануы тиіс.

4. Егер, құпиялы мәлімет (мемлекеттік, коммерциялық, қызметтік, кәсіптік немесе қолданбалы құқықпен қорғалатын құпия) мән-жайларын анықтау керек болса, төреші өкілдігін жүргізуге ұсынылған тұлға, немесе төреші сол мән-жайлырды ашу үшін өкілетті тұлғадан рұқсат алуы тиіс. Рұқсат белгілі уақытта расталмаған жағдайда, тұлға төреші өкілдігінен бас тартуға, егер төреші өкілдігі қабылданса, ары қарай төреші өкілдеттігі қызметін атқарудан немесе өздігінен бас тартуы керек.

8 бап. Мән-жайларды ашуды талап етпейтін жағдайлар.

1. Төрелік өзінің әділдігі мен тәуелсіздігіне күмән келтірмейтін жағдайларда мәнжайларды ашуға міндетті емес.

2. Төреші өкілеттігін жүргізу мен мән-жайларды анықтауға міндеттемейтін жағдайлар:

1) басылымда, немесе жария дәрісте қарастырылып жатқан іске қатысы жоқ ой-

пікірлер айтылса;

2) тарап өкілі, төреші сабақ берген немесе беретін жоғары оқу орнында білім алып,

немесе білім алып жатса, төреші іс басталғанға дейін үш жыл мерзімінде немесе қазір өкілдің жазған диссертациясының ғылыми жетекшісі немесе кеңесшісі болса;

3) төреші, сол төрелік құрамының басқа төрешілермен, немесе маман, кеңесші,

куәгер, тарап өкілімен бұрын немесе қазір бір адвокаттар алқасында, басқа да кәсіби қауымда немесе қоғамдық құрылымдарда қызмет етсе;

4) бір төрелік құрамындағы төрешілер бұрын бір ұйымда қызмет етіп, бірақ, іс

басталғанға дейін үш жыл аралығында бір-бірімен қызметтік қарым- қатынаста болмаса;

5) бір төрелік құрамындағы бірнеше төрешілер немесе төреші мен тараптар өкілдері,

мамандар, кеңесшілер, куәгерлер бір ұжымдық туындының бөлек авторластары болса, немесе сол туындының редакторы немесе рецензиялаушысы болса;

6) бір төрелік құрамының бірнеше төрешілер басқа немесе осы төрелік құрамына

кірсе немесе бұрын кірген болса;

7) төреші және тараптар өкілдері, мамандар, кеңесшілер немесе куәгерлер бұрын

немесе қазір бір төрелік құрамына кірсе. Бірақ ол төрелік құрылымы басқа, осы қаралып жатқан төрелік іске қатысы болмаса;

8) сол төрелік іс тарабы, немесе оның негізгі немесе еншілес

қоғамымен басқа іс (істер) бойынша немесе басқа да амалдармен төрелік іс тарабы қатысқан іске төрешіні сайласа, немесе басқа төрелік іс қарастыру осы төрелік істі қарастырумен бір уақытта жүргізілсе;

9) төреші аралық іс тарабы және оның өкілі қатысатын жария шараларға (конференция, семинар, презентация және т.б.), қаржылық немесе ұйымдық қамтамасыз етуге қатысса, бірақ, сол тарап пен оның өкілінен сыйақы алмаған жағдайда;

10) төреші мен тарап өкілі, эксперт, кеңесші, куәгер бұрын немесе қазір дауларды

шешу органдары мен тұрақты әрекет ететін төреліктің төрешілері құрамына кірсе;

11) төреші, бұрын төрелік іс тарабының, оның негізгі

немесе еншілес қоғамының тауарларының (қызмет көрсету) тұтынушысы болса, бірақ, тауарды алу процессі басқа да тұтынушылармен тең жүргізілсе;

III тарау. Төрешілер мен төрелік іс тарабы, не оның өкілімен байланысы

9 бап. Төреші болуға үміткердің төрелік іс тарабы мен оның өкілімен байланысы.

1. Тараптар келісімі, регламент немесе қолданбалы құқық бойынша тарап төрелік дауды қарастыратын төрешіні сайлауға құқығы бар болса, онда тарап пен оның өкілі төреші болуға үміткер (бұдан әрі мәтін бойынша - үміткер) тұлғалармен осы баптың тәртібін сақтай отырып сұхбаттасу жүргізе алады.

2. Сұхбаттасу төрешінің әділдігі мен тәуелсіздігіне көз жеткізу үшін, кәсіптік біліктілігі мен тәжірибесінің талаптарға сай келетінін, сонымен қатар төрелік істі жүргізу уақытын талқылау үшін жүргізіледі.

3. Төреші болуға үміткер сұхбаттасуға келіскен жағдайда, келесі мәселелерді талқылауға болады:

- төрелік іс қарастырудағы тараптар мен олардың өкілдерінің, іске қатысты олардың негізгі немесе еншілес қоғамдарының атауы мен аты-жөнін білуге, төрелік іс қарастыруға қатысатын үшінші тұлғалардың аты-жөні мен атауларын білуге, төреші бекіткен сол төрелік құрамындағы басқа төрешілер, маман, кеңесші, куәгерлер аты-жөнін білу;
- төрелік іс жүргізілудің уақытын болжамдау;
- үміткердің кәсіби біліктілігі мен тәжірибесін білу.

4. Үміткер осы бапта айтылған мәселелерден басқа төрелік іс тарабы мен оның өкілі қойған сұрақтарды талқылаудан бас тартуы тиіс.

5. Сұхбаттасу барысында үміткерге төрелік іс тарабы мен оның өкілімен келесі мәселелерді талқылауына тиым салынады:

- қуыным талабының негізі болған нақты жағдайлары;

- төрелік іс тараптарының құқықтық позициясы;
- қуыным талаптарының сома есебі;
- төрелік іс тарабы төрелік іс қарастыру барысында ұсанған немесе ұсынатын дәлелдері;
- арбитраждық жиын, қаламақы немесе басқа төрешіні шығындарының ерекше төлеу шарттары;
- үміткердің өз пікірін білдіретін басқа да сұрақтар.

6. Төрешінің төрелік іс тарабымен осы бапта берілген тәртіп бойынша жүргізілген сұхбатпен сайлануы, төрешіден әділдігі мен тәуелсіздігіне күмән келтіретін жағдайлар бойынша іс жүргізу барысында бас тартуға, және осы Саясаттың 7 бабына сәйкес мән-жайларды ашуға қойылатын талабы қарастырылмайды.

7. Төреші төрелік іс тарабы мен оның өкілімен сұхбаттасудан бас тартуға, немесе сұхбаттасу барысында сұхбатты себепсіз тоқтатуға құқылы. Егер үміткер төреші болу өкілеттілігі қабылданса, немесе төрелік іс жүргізу тарабымен сайланса, сұхбаттасудан бас тартуы төрешінін әділдігі мен тәуелсіздігіне күмән келтіретін жағдай болып және осы Саясаттың 7 бабына сәйкес мән-жайларды ашуы қарастырылмайды.

8. Үміткер өз қалауы бойынша, оған жолыққан тараптан осы баптың 3 тармағының 2-3 абзацында айтылған мәліметтерді талап етуге құқылы.

9. Үміткер тараптың не оның өкілінің сұранысы бойынша қысқаша өмірбаянын, білімі, қазіргі және бұрынғы кәсіби қызметі жайлы мәліметтер ұсынуға құқылы.

10. Осы баптың ережелері бойынша, үміткер тарап пен оның өкілімен кез келген байланыс құралдарымен, кез келген нысанда байланыса алады.

10 бап. Төрешінің өкілдігін қабылдау негізінде мәліметтерді беру

1. Төреші өкілдігін қабылдаған тұлға, тараптар келісімі, регламент пен қолданбалы құқыққа сай төрешінін қызметін атқаруға келісім беріп, арыз жазып, оған қол қояды.

Төреші өкілдігін қабылдаған тұлға, осы саясаттың 6 - бабында бекітілген талаптармен қатар осы Саясаттың 7 - бабындағы талаптардың мән-жайын ашады.

2. Егер төреші өкілдігін қабылдаған тұлға туралы мәліметтер тұрақты әрекет ететін төрелікке өзі туралы мәліметтерді тапсырмаса, немесе мәліметтері өзгерсе, тұрақты әрекет ететін төрелікке өмірбаянын, білімі, қазіргі және бұрынғы кәсіби қызметі жайлы мәліметтер ұсынуға құқылы. Төрешінің өмірбаяны туралы мәлімет төрелік іс тараптарына тұрақты әрекет ететін төрелікпен беріледі.

11 бап. Төреші өкілдігін жүргізуге келіскен тұлға мен төрешінің, төрелік дауға қатысты талқылауға жататын сұрақтары

1. Төреші, төрелік өкілдігін жүргізу ұсынылған тұлға, төрелік іс тараптарымен, олардың өкілдерімен, мамандар, кеңесшілер, куәгерлермен төрелік іске қатысты сұрақтарды талқылауға құқығы жоқ.

2. Осы баптың тәртібін бұзған жағдайда, яғни, төрелік іске қатысты белгіленген тәртіп бойынша бекітілген сұрақтар аясынан тыс шыққан жағдайда, төрешінің әділдігі мен тәуелсіздігіне күмән келтіріледі.

IV тарау. Төрешіден бас тарту мен төреші өкілдігін тоқтату

12 бап. Бас тартуға өтініш білдіру

1. Төрелік іс тарабы, төреші қызметінің әділдігі мен тәуелсіздігіне күмән келтірсе, төрешіден регламент тәртібінде бекітілген уақыт аралығында бас тартуына өтініш бере алады. Төрешіден бас тарту туралы өтініш, төрешінің өкілдігін тоқтатпайды.

2. Төрелік іс тарабы, аралық судьяны сайлаған сәтте хабардар болған жағдайларды кешірек білсе, ол төрешіден бас тарта алады.

3. Төрелік іс жүргізу тараптары төрешімен құқықтық немесе нақты себептер бойынша келіспегені, төрешіден бас тартудың негізі болып саналмайды.

4. Егер төрелік іс тарабы төрешінің әділдігі мен тәуелсіздігіне күмән келтіретін себептерді білген соң, бекітілген уақыт аралығында төрешіден бас тартпаса, онда тараптың бас тарту құқығын қолданбағаны болып есептеледі.

Соған қарамастан, бекітілген уақыттан кешіккен төрешіден бас тарту жайлы дәлелді себептермен өтініш берілмесе, және төрешіден бас тартуға негізі бар болған жағдайда, уәкілетті орган бұл мәселені қарастыра алады.

5. Осы Саясаттың 5 бабында бекітілген жағдайлар болса, тарап, төрешіге наразылық білдіру құқығынан бас тартқаны болып есептелмейді.

13 бап. Төрешінің өкілеттілігін тоқтату жайлы сұрақты қарастыру

1. Төрелік өкілеттілігі тараптардың келісімімен, төрешінін өздігінен бас тартудан, уәкілетті органның шешімімен, сонымен қатар, басқа регламетте бекітілген себептермен тоқтатыла алады.

2. Егер бір тарап төрешінің өкілдігінен бас тартып, екінші тарап онымен келіссе, бұл тараптардың келісімімен шығарылған бас тарту болып есептеледі.

3. Төреліктін өздігінен бас тартуы немесе тараптардың төрешіден бас таруға келісуі, төрешінің өкілдігінің тоқтатылуына себеп бола алмайды.

4. Төрешіге наразылық білдірген жағдайда, ол өздігінен бас тартпаса, және тараптардың біреуі бас тартуға келіспесе, бас тарту мәселесі регламент бойынша шешіледі.

5. Уәкілетті орган, төрешінің әділдігі мен тәуелсіздігіне күмән келтіретін жағдайларды қарастырып, бас тартудың негізді немесе негізсіз екенін анықтайды. Осыған орай, төрешінің әділдігі мен тәуелсіздігі, төрелік ісі процедурасындағы жайттарға хабардар болған тұлғанын ойпікірімен бағаланады.

6. Шешім шығару барысында, уәкілетті орган төрешінін осы Саясаттың 6 бабында бекітілген тәртіп бойынша мән-жайларды ашуды қарасырғанын не қарастырмағанын анықтайды.

7. Бас тарту туралы өтінішті қабылдамас бұрын, төрелік іс тараптарына, бас тартылған төрешіге берілген уақыт аралығында жазбаша түрде бас тартуға байланысты өз позициясын (ұстанымын) баяндап, уәкілетті органда жіберу ұсынылады.

Сонымен қатар, уәкілетті орган төрешіден бас тартуға қатысты маңызды ой - пікірі бар басқа тұлғаларға да жазбаша түрде баяндауын ұсынады.

Уәкілетті орган, жазбаша баяндамаларға қосымша ретінде, түсініктемелер қабылдайды.

8. Уәкілетті орган, төрешінін әділдігі мен тәуелсіздігіне қатысты күмән туындаған жағдайда, өз қалауы бойынша, егер ондай өкілдік регламент тәртібі мен қолданбалы құқыққа сәйкес келсе, төрешіден бас тартуға шешім шығаруы мүмкін.